



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Елімізде еш жерде ресми жұмыс істемейтін, алайда табыс табатын азаматтар жетерлік. Олар зейнетақы мен медициналық сақтандыру қорына ақша аудармайды. Үкімет мұндай азаматтарды өзін-өзі жұмыспен қамтығандар дейді. Оның ішінде бала күтуші, фрилансерлер, такси жүргізушілер, қорадағы азын-аулақ малын сатып, табыс

сату. Ал мына тұлғалар БЖТ төлей алмайды: -сауда орталықтары аумағында қызмет көрсететін жеке тұлғалар; -жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары және т.б.); -тұрғынжайды қоспағанда, мүлікті жалға (жалдауға) бе-

## БЖТ-ны кімдер және не үшін төлейді?

табатын өзге де қазақстандықтар бар. Дәл осы азаматтарға бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) төлеу тиімді әрі ыңғайлы. Ол төрт түрлі төлемді-жеке табыс салығын, зейнетақы қорына, әлеуметтік сақтандыру қорына және медициналық сақтандыру қорына аударылатын жарналарды біріктіреді. БЖТ-ны тағы кімдер төлей алады, сақтандыру мәртебесінен айырылмау үшін оны қалай дұрыс төлеу керек деген сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Медициналық қызметтерді тхтынушылармен жұмыс жасау – Байланыс орталығы басқармасының басшысы Бекзат Тұрмаханбетов жауап берді.

ретіндер; -қандастарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар; -Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген тұлғалар. -БЖТ төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы неде?

-БЖТ-ны кімдер және не үшін төлейді? -Бірыңғай жиынтық төлем өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ, өз ісін заңдастыруына және зейнетақымен қамтылуына, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерінің толыққанды қатысушысы болуға мүмкіндік береді.

-Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмаған. Алайда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам бірыңғай жиынтық төлемнің бір айын уақытылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айырылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек.

Салық кодексінің 774-бабына сәйкес, мына шарттарды орындайтын: -жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын; -жеке тұлғаларға қызмет көрсететін немесе оларға жеке қосалқы шаруашылықтың өнімдерін сататын кәсіпкерлер БЖТ төлей алады.

Бұл азаматтар салық органында тіркеуде болмаса зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандырудан тыс қалады. Ал БЖТ төлемі осы мәселелерді оңтайлы шешеді. Оған қоса патент немесе «жеңілдетілген» режиммен салыстырғанның өзінде ай сайынғы салық жүктемесінің мөлшері көп емес.

Бұл ретте БЖТ төлеуші мәртебесін алу үшін жеке тұлғаның табыс мөлшері жылына 1 175 АЕК-тен аспауы тиіс. Демек бұл сома 2023 жылы 4 053 750 теңгеге тең. Егер бір жыл ішінде табыс осы көрсеткіштен асып кетсе, бұл азамат жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті болады.


Жарнаның төмен мөлшері. Жалпы БЖТ-ға мыналар кіреді: 10% – жеке табыс салығы (ЖТС); 20% – әлеуметтік аударымдар (ӘА); 30% – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ); 40% – міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (МӘМС)

БЖТ келесі қызмет түрлерімен айналысатын тұлғалар үшін жарамды: -тапсырыс бойынша тігін тігу, тоқу; -өз пәтерін жалға беру; -көкөністер мен жемістерді өсіру және сату, үйде кондиционерлік және т.б өнімдер жасап сату (сауда нысандарының аумағында емес); -омарта ұстау; -жеке қосалқы шаруашылықтан өт және сүт өнімдерін

Бірыңғай жиынтық төлем төлеу ауылдық аймақтарда тұратын азаматтарға тиімді. Себебі олар ай сайын 1725 теңгеден (1725\*12=20700) төлеп, МӘМС аясында барлық медициналық қызмет түрін шектеусіз алады. Яғни қажетті тексерулерден өтіп, оған жүздеген мың, тіпті миллиондаған теңгеге операция жасай алады. Оңалту курсынан өтіп, амбулаториялық негізде дәрігердің бақылауында болады. Бұл жерде пациент аталған медициналық қызметтер үшін қосымша төлем жасамайды. Яғни, әрбір сақтандырылған адам аударған жарна мөлшеріне қарамастан, медициналық қызметтерді толық көлемде уақытылы алуға құқылы.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Қазақстандағы сайлау барысын 82 байқаушы бақылайды



Халықаралық байқаулар институты ашылғаннан бері 10 шет мемлекет пен 3 халықаралық ұйымнан 82 байқаушы аккредиттелді. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман айтты. «Бүгінде бір шет мемлекет пен бір халықаралық ұйымнан 15 байқаушы аккредитациядан өтуге ұсынылды. Атап айтқанда, Иран Ислам Республикасынан 1 кандидат, ТМД бақылаушылар миссиясынан 14 үміткер», деді Мұхтар Ерман. Бұған дейін елімізде сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін қанша қаржы бөлінетінін хабарлаған. Еске сала кетсек, Қазақстанда Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлау 2023 жылғы 19 наурызда өтеді.

## Жұмыспен қамту жайы талқыланды

Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов халықты жұмыспен қамту жөніндегі шараларды іске асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді, оның барысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Іс-шараға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық экономика, қаржы, ауыл шаруашылығы, индустрия және инфрақұрылымдық даму, оқу-ағарту, ақпарат және қоғамдық даму вице-министрлері, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен облыстар әкімдерінің орынбасарлары қатысты.



Алтай Көлгінов кеңес жұмысын аша отырып, Мемлекет басшысының атқарушы органдардың алдына 2029 жылға дейін 3,3 млн адамды, оның ішінде 2,3 млн жастарды жұмысқа орналастыру міндетін қойғанын еске салды.

Ол сондай-ақ биыл Президенттің 10 мың халыққа 100 жұмыс орнын құру жөніндегі бастамасын іске асыру шеңберінде жұмыстар жалғасатынын атап өтті. Тамара Дүйсенова халықты жұмыспен қамту шаралары туралы хабарлады. Сала басшысы халықты жұмыспен қамтудың 20 өңірлік картасы бекітілгенін атап өтті.

«2023 жылы өңірлік карталар шеңберінде 947,8 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр, оның ішінде 70,2 мың адам іске асырылып жатқан ұлттық жобалар шеңберінде жұмысқа орналасады; 161 мың адам – субсидияланатын жұмыс орындарына; 341,8 мың адам – мемлекет басшыларының «10 мың тұрғынға 100 жұмыс орны» бастамасы шеңберінде; 320,4 мың адам – жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындарына; қалған 54,3 мың адам – облыстарды да-

мыту, шағын несиелеу және т.б. бағдарламалар шеңберінде жұмыспен қамтылады», деді Тамара Дүйсенова. Сондай-ақ министр жыл басынан бері республика бойынша 97,9 мың адам жұмысқа орналастырылғанын, оның ішінде: 61 мың адам белсенді жұмыспен қамту шараларымен қамтылғанын; 24,3 мың адам бос жұмыс орындарына орналастырылғанын; 11,8 мың адам – жеке бастамалар шеңберінде; 743 адам ұлттық жобаларды іске асыру шеңберінде жұмысқа орналасқанын хабарлады.

орналасу мүмкіндіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету; жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұсыну (оқыту, гранттар, субсидияланатын жұмыс орындары) болып табылады.

Сондай-ақ биыл республика бойынша мобильді топтар жұмыс істей бастады, олардың негізгі міндеттері: халықты жұмыспен қамту орталықтары көрсететін қызметтер туралы халықтың хабардарлығын арттыру; жұмысқа

Өз кезегінде бірқатар өңірлер әкімдерінің орынбасарлары халықты жұмыспен қамту бойынша жергілікті жерлерде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Кеңесті қорытындылай келе, Алтай Көлгінов халықты жұмыспен қамту мәселелері Мемлекет басшысының ерекше бақылауында екенін атап өтті.

Премьер-министрдің орынбасары облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне: тұрақты жұмыс орындарын құруға басымдық бере отырып, 2023 жылға арналған бекітілген жұмысқа орналастыру жоспарларының сапалы орындалуын қамтамасыз етуді; электрондық еңбек биржасында орналастыра отырып, жұмыс орындарын құру бойынша жұмыс берушілермен белсенді өзара іс-қимыл жасауды; осы жылғы 20 ақпаннан бастап микрокредиттер беру үшін бизнес-идеялар конкурстарын өткізу бойынша жұмысты бастауды тапсырды.

Оқу-ағарту министрлігіне облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен бірлесіп, 15 наурызға дейін барлық өңірде мобильді оқу орталықтарының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету тапсырылды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен бірлесіп, мемлекет іске асырып жатқан жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары туралы халықты кеңінен хабардар етуді қамтамасыз ету тапсырылды.

## Бұқарадан соң, басшының батасын алдық

Егер аудан жұртшылығының есінде болса, жыл басында ауданымызда ауыл жанашырларының басын біріктірген «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігі құрылған. Бұл жайында сіздерді ұйымның мүшесі Біржан Саржан «Созақ ньюс»-тың әлеуметтік желідегі парақшасында хабардар еткен болатын! Сөйтіп,

Міне, осы жағдайды сөз ете келе аудан басшысы өзінің де ниеті туған елі мен жеріне қызмет ету екендігін кезекті рет айтып өтті. Тағы да: «Сол себепті де сіздер үнемі айтып жүретін Жаңа Қазақстан қоғамын бірге құрамыз. Мен де сіздер де бір-бірімізсіз ол қоғамды құра алмаймыз. Демек, біз-бірімізге керекпіз. Тек,



сіздердің жылы лебізге толы комментарийлеріңізге және бірлестіктің төрағасы ретінде телефоныма шығып, жұмыс орныма іздеп келіп құттықтаушы тілеулестеріміздің игі ниеттеріне қарап, бұқараның батасын алдық деп түсінген болатынбыз! Ол үшін әрине сіздерге, бұқара халыққа алғысымызды айтып, ризашылығымызды білдіреміз!

Мақаламның тақырыбы айтып тұрғандай, «Созақ үні» газетінен, әлеуметтік желілерден қоғамда орын алып жатқан жәйттардан үнемі хабардар боп, қажет көріп жатса хабарласып, араласып отыратын аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков «Ел Мүддесі» қоғамдық ұйымын ақпанның 14 күні қабылдады! Мұхит Сексенбайұлы шақыртып жатыр деген соң, ауыл- ауылдардан (қолы бостарымыз) жиылып, түстен кейінгі сағат 16- де аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залына беттедік. Негізі біз аудан әкімі жеке қабылдайтын шығар деп ойлаған едік. Сөйтсек, «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігінің мүшелерін бүтіндей аппаратына таныстыруды жөн көрген екен! Бас қосуды сөз сөйлеп бастаған Мұхит Сексенбайұлы әуелі бірлестік мүшелерімен танысты. Себебі, аудан басшысы ретінде есеп беруге немесе басқа мақсатта ауыл- ауылдарға барғанда алдынан осы азамат- азаматшалар шығады. Өйткені, бұлардың бәрі өз ауылының жоғын- жоқтап, барын түгендеп жүрген қоғам жанашырлары! Әрине, біздер ешкімнен ештеңе талап етпейміз, керісінше, елмен жерімізге қызмет етуді, бұқараның батасын алуды өзімізге мәртебе көреміз!

тұтас, ауызбіршілігіміз болғанда ғана Қазақ, Созақ қоғамы алға ілгерілеп, қарыштап дамимыз. Ендеше, әр ауыл- ауылда қордаланған, түйіні шешілмеген түйткілді мәселелерді «Парасат» сияқты қағазға түсіріп, нақты ұсыныстарыңызбен келіңіздер! Ел игілігі үшін мен де аудан әкімінің аппараты да азаматтық қоғаммен, оның ішінде «Ел Мүддесі» ҚБ-мен бірлесіп жұмыс жасауға әзірміз!»- деп сөзін аяқтады.

Мұнан соң «Ел Мүддесі» қоғамдық ұйымының төрағасы ретінде сөз алған мен, Данияр Бек аудан әкімі мен аппаратына жылы қабылдау үшін бірлестік атынан алғысымды білдіріп, рахметімді айттым!

Жалпы, Президент Қасым- Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылғы Қазақстан Халқына Жолдауында: «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі Қоғам» құруға уәде берді. Ол үшін «Еститін Үкімет. Бақылаушы Азаматтық Қоғам»-концепсиясын жасап, ұсынды.

Демек, бізге де осы Мемлекет басшысы ұсынған концепсияны басшылыққа алып, Мұхит Сексенбайұлы басшысы болып табылатын жергілікті билік қоғамның үніне құлақ асып, мәселе шешіп, есебін беріп. Азаматтық Қоғам, біздер де тек бақылаушы ғана болмай, қоғамда қордаланған түйткілді мәселелердің түйінін бірге шешуге күш жұмсауымыз қажет!

Ендеше, ертеңгі күнге әлі де үмітпен қарайық! Мына елімізде орын алып жатқан саяси реформалар өз жемісін береді деп сенейік!

**Данияр БЕК.**

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Созақ ауданы тұрғындарымен кездесті. Облыс әкімі өңірді дамытуда осындай кездесулердің маңыздылығына тоқталып, тұрғындармен ақылдаса отырып атқарылған жұмыстар жемісті болатынын атап өтті.

– Алдыңғы аптада ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының қабылдауында болдым. Мемлекет басшысы облысты әрі қарай дамыту бойынша нақты тапсырмалар берді. Бүгінгі кездесуде проблемалар ашық айтылып, әділетті түрде шешу жолдарын қарастырамыз. Мақсатымыз–Президентіміз ұсынған «Әділетті қоғам» идеясы жолында шынайы еңбек ету. Түркістан облысын дамытуда



## СОЗАҚ АУДАНЫНДА ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІ КӨЛЕМІ 100 МЛРД. ТЕҢГЕГЕ АРТТЫ

сіздердің еңбектеріңіз мол. Ауданды дамыту жұмыстарын жалғастырамыз,–деді Дархан Сатыбалды.

Облыс әкімі былтырғы кездесулер нәтижесінде ел өтініші бойынша шешімін тапқан мәселелерге тоқталды. Атап айтсақ, Аққолтық елді мекенінде 75 орындық ауылдық клубтың құрылыс жұмыстарына 97 млн. теңге

мекенінде 150 млн. теңге футбол алаңшасының құрылысы жүргізілген.

Тасты, Жуантөбе, Қаратау, Сызған, Құмкент, Жартытөбе ауылдары мен Қыземшек және Таукентте дәрігерлік амбулатория ғимараттарының жылыту қазандықтары жаңартылған. Аудандық орталық ауруханасына 57 млн. теңгеге ре-

10 дана жаңа трансформатор мен 388 дана жарықтандыру шамы орнатылған.

Кездесуде тұрғындар тарапынан инфрақұрылымды жақсарту жөнінде өтініштер айтылды. Облыс әкімінің жеке қабылдауында да ұсыныстар беріліп, тұрғындардың сұрақтары тыңдалды. Дархан Амангелдіұлы әрбір өтініш назарға алынатынын



қарастырылып, пайдалануға берілді. Биыл Тасты ауылында 75 орындық ауылдық клубтың құрылысын жүргізу үшін бюджеттен 181 млн.

билитациялық медициналық құрал-жабдықтар сатып алынған. Жұқпалы аурулар бөлімінің ғимаратына 32

жеткізді.

Былыр Созақ ауданында өнеркәсіп өнім көлемі 519 млрд. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 100 млрд. теңгеге артты. Инвестиция көлемі 61,2 млрд. теңгені құрады. Алдағы екі жылда 475 млн. теңгеге 7 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 19,7 млрд. теңгеге жетті. Елді мекендердегі ішкі көшелерді жөндеу үшін бюджеттен былтыр 442 млн. теңге бөлініп, 34 шақырымды құрайтын 23 көше жөндеуден өтті. Осы жылы бюджеттен 27 шақырымды құрайтын 24 көшенің жөндеу жұмыстарына қаражат бөлінді. Сонымен қатар ауданда атомстық маңызы бар 5 автомобиль жолын жөндеуге осы жылы бюджеттен қаржы қаралып, жұмыстар жүріп жатыр.

**Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



теңге бөлінді. Аққолтық елді мекенінде «Кселл» тарапынан байланыс арнасы мен интернет желісінің базалық станциясы орнатылып, интернет сапасы жақсарған. «Ауыл–Ел бесігі» жобасы аясында былтыр Созақ елді

млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Шолаққорған ауылындағы «Ақшам» және «Наурыз» шағын аудандарының су құбыры желілерін салуға қаржы бөлінген. Шолаққорған ауылының 16 көшесіне электр желілері жүргізіліп,



# 19 наурыз 2023 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлау өз таңдауыңды жаса!

## Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің де- путаттарын сайлау туралы

2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі – Республиканың заң шығару билігін жүзеге асыратын және тұрақты негізде қызмет ететін ең жоғары өкілді органы Палатасының бірі. Мәжіліс депутаттары өкілеттіктерінің мерзімі – бес жыл.

Мәжіліс аралас сайлау жүйесі бойынша конституциялық заңмен белгіленген тәртіппен сайланатын 98 депутаттан тұрады: 69 – біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ 29 – бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша.

Жиырма бес жасқа толған және Қазақстан Республикасының аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан Республика азаматы Парламент Мәжілісінің депутаты бола алады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлануға құқығы жоқ.

Парламент Мәжілісінің депутаттығына:

1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.

Партиялық тізімде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жастардың, мүгедектері бар адамдардың саны жиынтығында оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

Саяси партиялар адамдарды партиялық тізімге орналастыру тәртібін дербес айқындайды.

Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттығына сайлау үшін партиялық тізімге енгізілген адам бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылуға құқығы жоқ.

\*\*\*

2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Мәслихаттар – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретін және оны іске асыру қажетті шараларды белгілейтін, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өкілді органдар. Мәслихат депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Мәслихат депутаттары жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты бола алады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлануға құқығы жоқ.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады: біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша – депутаттардың жартысы, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша екінші жартысы сайланады.

Республика бойынша барлық деңгейдегі 223 мәслихаттың 3415 депутаты сайланатын болады.

Мәслихаттар депутаттығына:

1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген

болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.

Аумақтық сайлау округі бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен жастардың саны жиынтығында оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды.

\*\*\*

Сайлаушылардың тізімдерін әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде әрбір сайлау округі бойынша дауыс беруді ескере отырып, тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне белсенді сайлау құқығы бар және тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелген Республика азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне өздері берген өтініш негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2023 жылғы 17 ақпанға дейін енгізіледі.

Өтініш келіп түскен кезде әкімдік азаматты ол дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша тізімнен шығаруды ұйымдастырады.

Осы құқықты:

- дауыс беру күні тіркелген жерінде болмайтын алдын ала білген азаматтар;

- басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын студенттер;

- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат сайлаушылардың бір тізіміне ғана енгізіле алады.

Тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе Call-орталығы арқылы сайлаушылар тізіміне енгізілгеніңізді тексере аласыз немесе сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз үшін қайда жүгінуіңіз керек екенін біле аласыз.

2023 жылғы 4 наурыздан бастап сайлаушыларға нақты сайлау учаскесінде сайлаушылар тізіміндегі өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Сондай-ақ сайлаушыларға ыңғайлы болу үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабардар ету ұйымдастырылады.

**Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### 2023 жылдың 19 наурызына тағайындалған Созақ аудандық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Округтік сайлау комиссиясы
Раймова Разия Әбдұрәсұлқызы	02.09.1963	Адами әлеуетті дамыту бөлімі есепші. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Абуов көшесі №5	№2 округтік сайлау комиссиясы
Түйешіұлы Бекжан	19.12.1982	"Ш.Уалиханов" атындағы ЖОМ директоры. Созақ ауданы, Жартытөбе ауылы, Кемелұлы көшесі №91	№6 округтік сайлау комиссиясы
Сейдулдаев Мәди Лесбекович	10.11.1988	Созақ аудандық ХҚКБ жетекші маман. Созақ ауданы, Жартытөбе ауылы, С.Сейфуллин көшесі №86	№4 округтік сайлау комиссиясы
Төребаев Олжас Оразбайұлы	20.04.1992	Жұмыссыз. Созақ ауданы, Созақ ауылы, Бектібай қажы көшесі №5	№10 округтік сайлау комиссиясы
Бекішова Жанар Шұбайқызы	11.11.1990	"М.Ауезов" атындағы ЖОМ мұғалімі. Созақ ауданы, Құмкент ауылы, Қызылкөл елді мекені, Ш.Беркінбаев көшесі №6	№7 округтік сайлау комиссиясы
Раманқұлов Жасұлан Қыдырбайұлы	22.04.1980	ЖШС «Қуаныш-Керемет» директоры. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы	№3 округтік сайлау комиссиясы
Абдуллаев Мақсат Қуатбекұлы	16.07.1980	"А.С Макаренко" атындағы ЖОМ мұғалімі. Созақ ауданы, Сызған ауылы, Қайнар елді мекені	№8 округтік сайлау комиссиясы
Сарыбаев Асқар Өмірбайұлы	07.12.1983	"Казатомпром Сауран" газбен және электрмен дәнекерлеуші. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы	№1 округтік сайлау комиссиясы
Байсақал Жаңабек Темірғалиұлы	01.01.1979	"Суындық" атындағы ЖОМ мұғалімі. Созақ ауданы, Созақ ауылы, Көктөбе елді мекені	№9 округтік сайлау комиссиясы
Бейсембиев Абай Дулатұлы	23.08.1983	"С.Сейфуллин" атындағы ЖОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Созақ ауданы, Жуантөбе ауылы	№12 округтік сайлау комиссиясы
Нұржауғанов Айбек Нұрлыбекұлы	05.06.1994	Жеке кәсіпкер. Созақ ауданы, Таукент кенті, Бейбітшілік №7	№14 округтік сайлау комиссиясы
Ақылбаев Асылхан Султангазиевич	07.12.1984	"Л.Бөкенов" атындағы ЖОМ. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Созақ ауданы, Қыземшек кенті №17 үй №4 кв	№13 округтік сайлау комиссиясы
Жақсылықов Талғат Бақбергенұлы	21.03.1976	Созақ аудандық әскери бөлімі. Коммисариат, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Абылай хан көшесі	№5 округтік сайлау комиссиясы
Әдіхан Талғар Оразәліұлы	21.03.1997	Қарақұр ауылдық мәдениет үйі. Әдіскер. Созақ ауданы, Қарақұр ауылы, Наурыз көшесі №65	№5 округтік сайлау комиссиясы

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.**

## Созақ аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

Қ/с	Округ № және атауы	Кездесу күні	Уақыты сағат	Өтетін орны
1	№1 Молдағұлова сайлау округі	21.02.2023 ж 23.02.2023 ж	10:00 11:00 15:00	Қарабұлақ елді мекені «Ә.Молдағұлова» атындағы жалпы орта мектебі, мәдениет залы Жеткіншек елді мекені
2	№2 Төріскей сайлау округі	22.02.2023 ж	11:00	«А.Сүлейменов» атындағы жалпы орта мектебі
3	№3 Шолаққорған сайлау округі	22.02.2023 ж 24.02.2023 ж	11:00 16:00	Абай елді мекені, «А.Иманов» атындағы жалпы орта мектебі «А.Байтұрсынов» атындағы жалпы орта мектебі
4	№4 Мыңжылқы сайлау округі	25.02.2023 ж	16:00	«Мыңжылқы» мәдениет сарайы
5	№5 Наурыз сайлау округі	25.02.2023 ж 28.02.2023 ж	16:00 16:00	«Н.Төреқұлов» атындағы ІТ мектеп –лицейі «С.Әліұлы» атындағы жалпы орта мектебі
6	№6 Жартытөбе сайлау округі	21.02.2023 ж 22.02.2023 ж 23.02.2023 ж	11:00 15:00 16:00 11:00	Жартытөбе ауылдық клубы Аққолтық елді мекені клубы Бабата елді мекені клубы Балдысу елді мекені, “Жамбыл” атындағы жалпы орта мектебі
7	№7 Құмкент сайлау округі	23.02.2023 ж 24.02.2023 ж 25.02.2023 ж	16:00 16:00 11:00 16:00	Қызылкөл елді мекені Құмкент ауылдық округі №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне қарасты Құмкент ауылдық спорт кешені «С.Әліұлы» атындағы жалпы орта мектебі «Қ.Сатпаев» атындағы мектеп-гимназиясы
8	№8 Сызған сайлау округі	25.02.2023 ж	10:00 12:00 15:00 17:00	Қайнар елді мекені, «Макаренко» атындағы жалпы орта мектебі Сызған ауылдық округі, «Қ.Рүстемов» атындағы жалпы орта мектебі Қозмолдақ елді мекені, Ауылдық клубы Басбұлақ елді мекені
9	№9 Созақ сайлау округі	25.02.2023 ж	10:00 16:00	Созақ ауылдық округі, Созақ мәдениет үйі Ынтымақ елді мекені
10	№10 Науайы сайлау округі	25.02.2023 ж	11:00 16:00	Көктөбе елді мекені, «Суындық» жалпы орта мектебі Созақ ауылдық округі, «Науайы» атындағы жалпы орта мектебі
11	№11 Қарақұр сайлау округі	21.02.2023 ж 22.02.2023 ж 25.02.2023 ж	11:00 15:00 11:00 11:00 16:00	Шаға елді мекені, «С.Бакбергенов» атындағы жалпы орта мектебі Раң елді мекені Қарақұр ауылдық округі, Ауылдық клуб Бақырлы елді мекені, Ауылдық клуб Сарыжаз елді мекені, «Саржаз» негізгі орта мектебі
12	№12 Жуантөбе сайлау округі	21.02.2023 ж 22.02.2023 ж	16:00 11:00 16:00	Жуантөбе ауылдық округі, Ауылдық клуб Тасты ауылдық округі, «Абай» атындағы жалпы орта мектебі Шу ауылдық округі, Ауылдық клуб
13	№13 Қыземшек сайлау округі	22.02.2023 ж 23.02.2023 ж 25.02.2023 ж	17:00 17:00 11:00	Қыземшек кенті, Мәдени спорт кешені Тайқоңыр елді мекені, «Т.Момбеков» атындағы жалпы орта мектебі Ақсүмбе елді мекені, Ауылдық клуб
14	№14 Таукент сайлау округі	25.02.2023 ж	17:00	Таукент кенті, Мәдени спорт кешені

**Созақ аудандық  
аумақтық сайлау комиссиясы.**

## Түркістан облыстық мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

Р.с	Іс-шара атауы	Уақыты	Өтетін орны
1	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	21.02.2023,сағат 14.00	Қыземшек кенті, КСК
2	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	21.02.2023,сағат 15.00	Созақ ауылы, Созақ мәдениет үйі
3	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	22.02.2023,сағат 12.00	Сызған ауылы, ауылдық клуб
4	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	22.02.2023,сағат 15.00	Таукент кенті, КСК
5	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	23.02.2023,сағат 10.00	Құмкент ауылы, Құмкент мәдениет үйі
6	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	23.02.2023,сағат 12.00	Жартытөбе ауылы, ауылдық клуб
7	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	24.02.2023,сағат 10.00	Шу ауылы, ауылдық клуб
8	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	24.02.2023,сағат 12.00	Тасты ауылы, Абай атындағы ЖОМ АКТ залы
9	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	24.02.2023,сағат 15.00	Жуантөбе ауылы, ауылдық клуб
10	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	27.02.2023,сағат 10.00	Қаратау ауылы, Қаратау ауылдық мәдениет үйі
11	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	27.02.2023,сағат 12.00	Қарақұр ауылы, ауылдық клуб
12	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	28.02.2023,сағат 16.00	Шолаққорған ауылы, «Мыңжылқы» мәдениет үйі
13	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	03.03.2023,сағат 10.00	Кентау қаласы, Құсшы ата елді мекені, «Төрткүл- Төбе» атындағы жалпы орта мектебі
14	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	03.03.2023,сағат 12.00	Кентау қаласы, Хантағы ауылы, №6 «Пушкин» атындағы жалпы орта мектебі
15	Мәслихат депутаттығына кандидаттарды, сайлауалды бағдарламаларын таныстыру	03.03.2023,сағат 15.00	Кентау қаласы, Ащысай ауылы, Ауылдық клуб

**№6 облыстық округтік сайлау комиссиясы.**





«Дүниеге келер бір рет, дария кеуде тау мүсін» деген өлең жолдарын оқығанымда менің есіме қайсыбір қарт емес, ән дария атакты әнші, сазгер, Созақтың саңлақ ұлы, Теріскейдің төлтума перзенті Әділбек Нысанбаев түседі. Бақ қонып, Қыдыр дарыған қасиетті Теріскей өңірінде шабыты шалқар шығармашыл зиялы қауымның бойларындағы киелі даланың ажар келбетін әспеттеген туындыларын дүниеге әкелген, Созақ ауданының ән өнері тарихында қол таңбасын әнмен қалдырған айтулы азаматтың есімі теледидардан, қазақ өнерінің ән әлемі жинақталған алтын қордан арагидік болса да естіліп қалады. Артында жоқтаушысы жоқ дейін десем қара ормандай қалың қазағы, сайын атырап салқам Созағы жатыр. Созақтан шыққан Сағынтай, Қазыбек, Өскен, Ескермес есімдерінің



жүлдегері болды. 1996 жылы тамыз айында ауданда сол уақыттағы аудан әкімі Қуаныш Айтахановтың бастамасымен Созақ ауданы жастарының алғашқы үлкен басқосу жиыны болды. Сонда Әділбек Нысанбаев ағамыз «Созақ жастарының маршы» атты менің өлеңіме ән жазып, оны Мархабат қарындасымыз тұңғыш сахнада орындады. Бұл марш жыл сайын «15 тамыз-«Созақ жастары күні» міндетті түрде орындалады. 1996 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомитеті «Әділбектің әндері» атты фильм- концерт түсірді. 1998 жылы Шымкент қаласында 14-17 қазанда өткен Ш.Қалдаяқов атындағы халықаралық фестивалінде «Тырналар тізбегі» әні Асқар Сүлейменовтің қызы Қаракөз Сүлейменованың орындауында бас жүлдеге ие болды.

2000 жылы Е.Жақсымбетұлының

ныстар ауданды басқарған бірнеше басшылардың назарына салынған еді. Алайда бұл бастама аяқсыз қалды. Сазгердің есімін есте қалдыру-Әділбек үшін тіпті керек емес. Керек тек болашақ жастарға, өнер сүйер келешек таланттарға ғана керек болатын. Созақ ауданына әкім болып жерлесіміз Мұхит Сексенбайұлы келгенде қуанған себебім Әділбек Нысанбаевтың көзін көрді, алыс-жақында жүрген кездерінде сазгердің әнін тыңдап күш-қуат алған шығар, елге деген сағынышын басқан шығар деп ойлаймын. Сазгердің есімін есте қалдыру ендігі сәтте аудан басшысының құзырына ұсынылып, аудан басшысы халық өтінішіне назарын салса дейміз. Өйткені бұл бастама Мұхит мырзаның қолынан келеді. Айтып отырғанымыздай 100-ге жуық әннің тарихы тікелей осы Созақ ауданына байланысты.

# Есімі ескерусіз қалмаса екен

кез келгенін алсаңда бірін бірі қайталанбас бір-бір ірі тұлғалар. Осы аптал алыптардың ішінде маңдайы жарқырап ән әлемінің әміршісіндей Әділбек Төлегенұлының шығармашылығы қанша ескерілмей жатыр десек те «Күн шықпасын ай қоймас» дегендей тойларда, мерекелік жиындарда, түрлі деңгейдегі дастарқан басында міндетті түрде әрбір әншінің көмейіне Әділбектің әні келеді. Әрі шалқыта шырқалады. Көзі қарақты оқырманның есіне сазгердің өміржолын бір түсіріп өтейін. Айтулы ақтаңгер сазгер 1954 жылы 4 ақпанда Созақ ауданы Қарақұр ауылына қарасты Раң Ата ауылында дүниеге келген. Педагог, әнші-композитор. Бауырға етене, досқа адал, айналасына айналайыны дайын тұратын Әділбек ағамыз екеуіміз қатты сыйласып тұрдық. Сол сыйластық шеңберінде «Созақ жастарының маршы» «Созақ жастарының гимні» «Астана-ән қала» атты өлеңдеріме ән жазды. Ән болғанда қандай! Әзілқой, әжуалы, мысқылды әнімен, шебер айта білетін актерлік шеберлігі де бар азамат болатын. Әңгімені жаңдырып айтатын. Аузын ашса жүрегі көрінетін ақкөңіл жан еді. Өзінің алғашқы еңбек жолын сонау 1975 жылы Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтын үздік бітірген соң Торғай облысы, Аманкелді аудандық мәдениет үйінің директорылығынан бастады. «Өзге жерде сұлтан болғанша, өз елімде ұлтандыққа жарасам болды» деп елге оралып, 1976 жылдан Шолаққорған ауылындағы №14 мектеп-интернатта, 1978-1980 жылдары Созақ ауылындағы Ленин атындағы мектепте ән және музыка пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды. 1980-1985 жылдары Т. Әлімқұлов атындағы мектеп-интернатта мұғалім, 1987-1990 жылдары аудандық оқушылар үйінде домбыра және ән үйірмесінің жетекшісі, 1990-1995 жылдары аудандық білім бөлімінде әдіскер-маман, 1995-2002 жылдары Шолақ-

қорған ауылындағы Т.Әлімқұлов атындағы лицей – интернатта мектеп директорының кластан тыс жұмыстар жөніндегі орынбасары болып сатылы қызметтер атқарды. Әділбек Нысанбаевтың нағыз шабыты шалқыған, айы оңынан туып Созақтың ән аспанынан қазақтың ән аспанына айқара шыққан уақыты осы жылдардың еншісінде еді. Халық творчествосы Бүкілодақтық фестивалінің 1984, 1985 жылдары екі жыл қатарынан екі дүркін лауреаты атанып айды аспанға бір-ақ шығарған еді.

сөзіне жазылған «Бала ғашық» әні «Қазақстан» телеарнасында «Біз естімеген бір ән» атты бағдарламалық хабарда орындалып «Жылдың ең үздік әні» болып табылып, облыс әкімінің 2001 жылғы стипендиясының иегері атанды. 2001 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты Созақ ауданының «Саңлақ сазгері» атағымен марапатталды. Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрінің алғыс хатымен марапатталған. Қазақстан Автор-

Әділбекке дейін Созақ ауданы туралы 100 ән жазған сазгер жоқ. Бұл бастама шығармашылық адамдары бас қосқан жерде жиі айтылады. Әрі бұл орынды көтерілген бастама екені даусыз. Келесі жылы сазгердің 70 жылдығы да аталып өтпек. Бұл тұрғыда осы бастан ұрпақтары аталмыш шараның дайындығына кірісіп кетті. Сол шарада Әділбектің есімі Шолаққорған ауылындағы аты жоқ бір көшеге беріліп жатса көптің тілегі көл болар деген тәмсілдің нақты жүзеге асқаны бо-



Созақ аудандық Халық театрының ардагері. Ақтаңгер сазгердің еншісінде сол жылдары жүзден астам әндер дүниеге келді. Тоқтамай толассыз ән әлеміне енді. Қазіргі эстрадамыздың жарық шашқан жұлдыздары Жұбанұлы, Төлжанбек, Сәкен, Кенжебектер Әділбек ағаның шәкірттері еді. Әдекең әуесқой композиторлардың облыстық «Темірлан-92, 94», «Үкілім-ай» телебайқауларының бірнеше рет

лар қоғамының мүшесі. Саңлақ сазгер 2010 жылы өмірден озды. Бүгінде санамалап отырсақ Әділбек Нысанбаевтың өмірден өткеніне он жылдан асып, он бес жылға кетіп барады екен. Кезінде атақты жерлесіміздің есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында, атап айтқанда Шолаққорған ауылындағы аты жоқ бір көшеге, не болмаса мәдениет ошақтарына сол кісінің есімін беру туралы ұсы-

лар еді. Өнерді, өнер адамын құрметтей білетін, шығармашылық қауымға деген көзқарасы бөлек, жақсыға жанашыр азамат аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлының бұл істің аяқсыз қалдырмайтынына сеніміміз мол.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бакытжанович

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолаққорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.